# *Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды білім беру ұйымдарындағы педагог- ассистенттің негізгі жұмыс алгоритімі*

*Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі, ресурстық орталықтың педагог-ассистенті*
*Абылаева Наркиза Сауранбайқызы*

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды білім беру ұйымдарындағы педагог-асситенттің жұмысы ҚР оқу-ағарту министірлігіні, арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық – ғылыми практикалық орталығы ұсынған әдістемелік нұсқаулық негізінде іске асады. Әдістемелік нұсқаулық  құрастырушы авторлары Е. В.Егорова, Ж.Б.Аханова, Д. Х. Култаев.



Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министірлігі
**АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУДЫҢ ҰЛТТЫҚ-ҒЫЛЫМИ ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

Е.В. Егорова, Ж.Б. Аханова, Д.Х.Култаев

**Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды білім беру ұйымдарында педагог-ассистенттің сүйемелдеуі**

**Әдістемелік нұсқаулық**

Алматы 2022

# *Педагог-ассистенттің лауазымдық міндеті*

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 (07.08.2023ж №249 өзгерістер еңгізіліп бекітілген) бұйрықты негізге ала отырып педагог-ассистенттерге төмендегідей міндеттер қойылады.

Жалпы орта білім беретін ұйымның педагог-ассистенті лауазымдық міндеттері:

•психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымы бойынша ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асырады;

•балалардың ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалау мақсатында мамандар мен педагогтердің командалық бағалауына, сондай-ақ жеке білім беру және дамыту бағдарламаларын құрастыруға қатысады;

•білім беру ұйымдарында ұйымдастырылған оқу және өзге де қызмет кезінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға, олардың өзіндік қызметі денсаулық жағдайы мен мінез-құлық ерекшеліктеріне байланысты шектелген жағдайда, көмек көрсетеді, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді;

•оқыту, тәрбиелеу және дамыту жұмыстары процесінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар бала туралы деректерді бақылауды жүзеге асырады және жинақтайды, білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижелерін, білім беру, әлеуметтік-бейімдеу (мінез-құлық) дағдыларын қалыптастыру серпінін хаттамалауды жүргізеді және баланы оқыту және әлеуметтендіру процесін мониторингтеу үшін тәрбиешілер мен мамандарға ақпарат береді;

•ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың өмір сүру қауіпсіздігі мен денсаулығының қажетті жағдайларын сақтайды;

•белгіленген нысан бойынша есептік құжаттаманы жүргізеді.

## *Педагог-ассистент оқушыны сүйемелдеу процессі басқа мамандармен және ата-аналармен бірлесе отырып нақты төмендегі қадам арқылы жүзеге асады*

**Педагог-ассистен пен ата-ана арасындағы әңгімеге арналған сауалнама (Қосымша А)**
**1 – аптада қыркүйек**
**Диагностика**

**Оқушының еркін іс-әрекетін бақылау хаттамасы (Қосымша Б)**
**1 – аптада қыркүйек**

**Диагностика**
**Жарты жылдықта, жылдың соңында**

**Оқушыны сыныпта бақылау хаттамасы (Қосымша В)**
**Негізгі пәндерге және денешынықтыру**
**1 – аптада қыркүйек**

**Алғашқы бес күн бойы**

**Жағымсыз мінез-құлықты бақылау хаттамалары (Қосымша Д)**

**Аптасына бір толтырылады**

**Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің отырысына арналған педагог-ассистенттің оқушыға жазған тұжырымдамасы (Қосымша Г)**

**Қыркүйек 2 –апта**
**Жарты жылдықта**
**Жылдың соңында**

**Педагог-ассистенттің оқушымен өткізетін жеке сабақ жоспары (Қосымша Е)**

**Апталық жоспар**

**Педагог-ассистенттің оқушыны қолдау бағдарламасы (Қосымша Ж)**

- I жарты жылдық
- II жарты жылдық
- Есебі

**Жағымсыз мінез – құлықты түзету хаттамасы (Қосымша И)**

**Мектеп психологымен педагог-ассистент бірлесе отырып**

**Ата-ана мен мамандардың қарым-қатынас парағы (Қосымша К)**

**Аптасына бір рет**